

"Б" корпусындағы Шымкент қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 681 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 45 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабының 8-тармағына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабының 2-тармағына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шымкент қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 681 "Б" корпусындағы Шымкент қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері мен қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3203 тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің аппарат басшысы Р.Аюповқа жүктелсін.

Қала әкімі

Ғ.Әбдірахымов